

Тәрбие жұмысы бастауыш мектеп оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатудан басталады. Бастауыш мектеп оқушыларының тиімді мінез-құлық тәжірибесін жинақтауы үшін ең қызықты деген шаралар санының да оларға бастауыш мектеп оқушысыларды қатыстырудың дәрежесі де ешқандай рөл атқармайды. Ең бастысы – сынып жетекші мен оқушыларының өзара қарым-қатынас стилі, ал мұның өзі бастауыш мектеп оқушысыларға деген ақылға сыйымды, талапқа сай сүйіспеншілікке, бастауыш мектеп оқушысыларға деген терең құрметке негізделуі тиіс. Бастауыш мектеп оқушысының саналы тәртіпке және мінез-құлықтың мәдениетіне қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың маңызды шарты және құралы – сынып жетекшілердің және бастауыш мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасының дұрыс болуы деп негіздейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы // Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің №194 бұйрығы, 30.07.2024.- Астана, 2024.
2. Урунтаева Г.А. Бастауыш мектеп ұйымдарда қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру мен білім берудің инновациялық іс-әрекеттерін қалыптастыру жолдары. – Өскемен: «Медия-Альянс», 2007. – 293 б.
3. Дүкенбаева Ф. Бастауыш мектеп оқушысыларды ойын арқылы мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру: Әдістемелік құрал. -Алматы: Рауан, 1992.-356.
4. Сембаева А.М. Педагогические условия формирования самооценки учащихся начальных классов: автореферат ... кандидата педагогических наук. – Алматы, 2006. – С. 25.
5. Өтебаева Ә.Т. Ауыл мектебі бастауыш мектеп оқушысыларын рухани мінез - құлық мәдениетін қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: педагогика ғылымдарының кандидаты ... авторефераты. – Алматы, 2007.

ӘОЖ:378.015

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЫҚПАЛЫ

Бисембаева А.Ж.¹, Мухамбетова А.Ж.²

¹№61 жалпы білім беретін орта мектебі, Ақтөбе, Қазақстан

²Мәлік Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектебі, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Заманауи интеллект, оның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) және цифрлық технологиялар, осы құндылықтарды жаңа деңгейге көтерін, жас ұрпаққа жеткізудің тиімді жолдарын ұсынады.

Цифрлық дәуір – бұл технологиялық жетістіктер мен ақпараттық коммуникацияның жылдам дамуы кезеңі, мұнда жасанды интеллект (ЖИ) маңызды рөл атқарады. ЖИ ұлттық болмыстың қалыптасуына, мәдениет пен дәстүрдің дамуында жаңа көзқарас ұсынады. Бұл мақалада цифрлық дәуірдің ұлттық болмысты қалай өзгертетіні, сондай-ақ ЖИ-дің мәдениет, білім, экономика және әлеуметтік өмірге әсері қарастырылады.

Қазіргі кезде жасанды интеллект оқыту мен қабылдау сияқты жалпылама бағыттармен қатар шахмат ойнау, математикалық теорияларды дәлелдеу, поэтикалық шығармалар жазу, қозғалысы жоғары және жылдам көшелерде автомобиль жүргізу, ауруды дәл анықтау сияқты ғылымның нақты бағыттарын қамтиды. Жасанды интеллект саласы кез келген интеллектуалды мәселені қамтиды және ғылымның нағыз әмбебап саласы болып саналады [1].

Цифрлық дәуір ақпараттың енгізілуі, сақталуы және таратылуы бойынша жаңа мүмкіндіктерді ашады. Бұл кезеңде интернет, мобильді технологиялар және үлкен деректер ұлттық мәдениет пен әлеуметтану салаларында терең өзгерістер енгізді. Цифрлық кестенің көмегімен адамдар бір-бірімен еркін байланысқа шығып, өз мәдениетінің ерекшеліктерін танытуға мүмкіндіктер алды.

ЖИ-дің ұлттық болмысқа әсері бірнеше негізгі аспектілерден тұрады. Алдымен, ЖИ мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал етеді. Жиі жанартылатын тілдік модельдер, аударма жүйелері мен мәдениет таныстыру бағдарламалары ұлттық шекараларды бұзып, әлемдік деңгейде

өзін-өзі танытуға жол ашады. Мысалы, қазақ тілін автоматты түрде танитын жүйелердің дамуы ұлттық мәдениет пен әдебиетке деген қызығушылықты арттыра алады.

Алдымен, жасанды интеллекттің ұлттық болмысқа қалай әсер ететінін анықтауымыз қажет. ЖИ технологиялары мәліметтерді жинау, талдау және өңдеу қабілетінің арқасында біздің күнделікті өміріміздің көптеген аспектілерін өзгертеді. Мысалы, мәдениетіміз бен тілімізді сақтау және дамыту тұрғысында ЖИ мүмкіндіктері зор. Мультимедиялық контент, әлеуметтік желілер және онлайн білім беру платформалары арқылы ұлттық мәдениетіміздің элементтері халықаралық сахнада кеңінен тарала алады. Алайда, мұндай технологиялық ықпал ұлттық сипатымызды жоюы немесе өзгертуі мүмкін, себебі жаһандану процестері ұлттық ерекшеліктердің әлсіреуімен байланысты.

Екіншіден, жасанды интеллекттің қоғамдық қатынастарға енгізілуі ұлттық болмысымызды қайта анықтауға да ықпал ете алады. ЖИ адамдар арасындағы қарым-қатынастарды өзгертуде айтарлықтай рөл атқарады. Мысалы, әлеуметтік желілердегі алгоритмдер біздің қызығушылықтарымыз бен пікірлерімізді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл соның нәтижесінде ұлттық мәдениетке тән пікірталастар мен дәстүрлердің негізін құрайтын элементтер жұмыс істей алмай қалуы мүмкін.

Сондай-ақ, білім беру және ғылым саласында ЖИ-дің енгізілуі ұлттық болмысымызды жаңадан терең түсінуге көмектеседі. Жасанды интеллект білім беру жүйесіндегі тиімділікті арттырады, бірақ ол сонымен бірге ғылым мен білімнің ұлттық үлгілерін өзгертуі мүмкін. Мәліметтер мен ақпараттың жаһандық түрде өсуі ұлттық білім беру жүйелерінің біркелкілігіне әкеліп, әр елдің ұлттық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерінен айрылуын қаупіне соқтырады.

Ұлттық құндылықтар – бұл әр халықтың мәдени ерекшелігін, дәстүрін, рухани мұрасын сақтайтын маңызды элементтер. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары қатарында тіл, дәстүр, өнер, салт-санасы, адамгершілік қағидалары, отбасы құндылықтары ерекше орын алады.

Мектеп мұғалімі ретінде біз ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізу мен үйретудің жаңа жолдарын қарастыруымыз қажет. Осы орайда, заманауи интеллект құралдары көмекке келеді.

Заманауи интеллект жасанды интеллектке негізделген технологияларды, деректерді өңдеу, талдау жүйелерін қамтиды. Білім беру саласында бұл құралдар ұлттық құндылықтарды насихаттау мен үйретудің жаңа тәсілдерін ұсынады: Заманауи интеллект пен ұлттық тәрбие үйлесімі. Ұлттық тәрбие оқушылардың патриоттық сезімін арттырып, олардың ұлттық болмысын қалыптастырады. Заманауи технологиялар бұл процесті қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, ұлттық ойындарды компьютерлік бағдарламалар арқылы үйрету, тарихи тұлғалар туралы деректерді виртуалды шындық арқылы көрсету оқушылардың білімін тереңдетеді.

Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтар мен заманауи интеллект үйлесімі – уақыт талабы. Білім беру саласында осы екі бағытты біріктіре отырып, біз оқушылардың бойында ұлттық сананы қалыптастырып қана қоймай, оларды жаңа технологиялар дәуіріне дайындай аламыз. Мұғалімдер бұл үрдісті тиімді пайдаланып, жаңа әдістерді енгізуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жасанды интеллект: Жаңашыл әдіс: Оқулық-ауд. М.Е.Мансұрова, К.С.Дүйсебекова, С.З.Сапақова. - Алматы, 2013
2. Iexoroulou, D., & Kalliris, G. (2020). Artificial Intelligence and Cultural Heritage: Opportunities and Challenges.

УДК 316.356.2:37.035:008(574)

АКАДЕМИЧЕСКОЕ ПИСЬМО КАК ВАЖНЫЙ ПУТЬ ОЦЕНИВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ В ШКОЛЕ И ВУЗЕ

Булатбаева К.Н.

КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан

Актуальность исследования определяется возросшими требованиями к навыкам академического письма обучающихся, так как международная система зачисления в зарубежные вузы требует написания научного эссе. Казахстанская система обучения имеет утвержденную систему статуса педагога по четырем категориям, предполагающую ведение научного исследования и его научного